



## ТІЛ - ҰЛТ ТІРЕГІ !

Тіл-кез келген ұлттың жаны, тірегі. «Тіл туралы заңда «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы» деп анық жазылған. Соған қарамастан қазақ бола тұра, қазақ тілін меңгере алмай жүрген ұлт азаматтарын көргенде қынжылатынымыз рас. Біздің азаматтық парызымыз - тіл заңындағы талаптарды жүйелі түрде жүзеге асырып, қазақ тілінде сөйлеу. Мемлекеттік органдар арасындағы хат алмасу Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабы 1) тармағымен «Тіл туралы» заңының 4-бабына сәйкес мемлекеттік түрде жүргізілуі керек. Сондықтан қазақ тілінің сот жүйесінде алатын орны ерекше. Соттағы



әрбір кіріс-шығыс, құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің, қазақ тілінде қаралып жатқан істердің үлес салмағы, судьялар мен сот қызметкерлерінің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейлері арнайы бағамдар бойынша сараланып отыр.

Заң бойынша мемлекетімізде сот ісі мемлекеттік тілде жүргізілуі тиіс. Қажет болған жағдайларда ғана қазақ тілімен қатар, өзге тілдер қолданылуы мүмкін. Әрине, азаматтардың арыз жазғанына қарай тілді таңдайтыны өз еріктерінде. Біз оны мәжбүрлеп өзгерте алмаймыз. Дегенмен, қазақ тілінде өз ойларын жеткізіп, мемлекеттік тілге мейлінше мән берген маңызды. Сотта тіл мәселесі неге маңызды? Себебі сотқа жүгінген азамат өз құқығын қорғауға келеді. Ол сот процесінің мазмұнын толық түсініп, өз пікірін ашық айтып, дәлелдерін еркін ұсынуы қажет. Егер сот отырысы немесе сот актілері азаматқа түсініксіз тілде жүргізілсе, онда әділ сотқа қол жеткізу құқығы толық көлемде жүзеге аспайды. Қарапайым азамат сот шешімін оқып, оның мәнін түсінсе, соттың әділдігіне деген күмән азаяды. Ал бұл-қоғамдағы құқықтық тәртіп пен заңға құрметті қалыптастырады.

Сот жүйесінде мемлекеттік тіл мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Сотта мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі жұмыс тобы құрылып, мемлекеттік тілді қолдануды кеңейту мақсатында, полиция, прокуратура қызметкерлерінің арасында нақты ұсыныстарды талқыланған болатын. Аудандық сотта кіріс, шығыс құжаттары және істерді қарау біршамасы қазақ тілінде жүргізіліп келеді. Өйткені, ана тіліміз-халықтың жаны, рухы әрі ұлттың коды.

Бір ғасыр бұрын қазақ тілі жөнінде Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұв: «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы-тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады» деген еді.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін жоғары көтеріп, туған тілімізді ардақтап, абыройын асқақтату, еліміздің әрбір азаматы үшін, үлкен абырой әрі қасиетті борышымыз. Сондықтан өз елімізде, өз тілімізді өгейсітпейік, құрметті ағайын.

**К. Сәдуақасова,**  
Ақмола облысы Егіндікөл аудандық сотының төрағасы

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – ЕЛІМІЗДІҢ ДАМУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАҢА БАҒЫТ



2025 жылғы Президент Жолдауы еліміздің даму бағытын айқындап беретін маңызды құжат деп айта аламын. Олай дейтін себебім, Жолдау аясындағы әлеуметтік-экономикалық мәселелер мен қатар, заманауи жаңа технологияларды енгізу мен ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру негізгі басымдық болып отыр. Яғни, еліміздің тұрақты экономикалық болашағын айқындайтын маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

«Жасанды интеллекті қолдана отырып, ауыл шаруашылығы жерлеріне спутниктік мониторинг жасаудың тиімділігін арттыру керек. Соның негізінде жердің сапасына, егіннің шығымына, дақылдардың жай-күйіне және қай жерге қандай дақыл егілгеніне терең талдау жасауға тиіспіз» делінген Жолдауда. Бұл Жолдау еліміз үшін ғана емес, менің жеке өзім үшін де ерекше мәнге ие болды. Өйткені бұл құжат еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын айқындап беріп отыр. Ал соның ішінде ауыл шаруашылығы мен цифрлық технологиялардың тоғысуы Жолдауда айтылған ауыл шаруашылығына қатысты кез келген бағдарламаны жүзеге асырудағы басты басымдық деп білемін. Президент айтып өткендей, қазір дүние жүзі жаңа технологиялық

дәуірге қадам басты. Жасанды интеллект қазіргі күні тек IT саласының ғана емес, экономиканың барлық секторында тиімділікті арттыратын негізгі құралға айналды. Бұл жасанды технологиялар егіс алқаптарын тиімді басқаруға, ауа райын болжауға, топырақ құрамын нақтылауға, кез келген өнімділікті автоматты түрде есептеп, ауыл шаруашылығындағы кез келген апатты жағдайларды алдын ала анықтауға мүмкіндік береді. «Елдегі азық-түлік нарығының импортқа тәуелділігін барынша азайту – Үкіметтің стратегиялық міндеті» деп, Президент ауыл шаруашылығының стратегиялық маңызына ерекше тоқталды. Еліміз аграрлық ел ретінде ішкі нарықты сапалы азық-түлікпен қамтамасыз етіп қана қоймай, әлемдік экспортта да бәсекеге қабілетті болуы тиіс. Қазіргі біздің қызмет атқарып жатқан ауыл шаруашылығы саласында жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды енгізу басты міндеттердің бірі саналып отыр. Бұл бағыт агроөнеркәсіптік кешеннің тиімділігін арттырып және ауыл аймақтарының дамуына жаңа серпін берері анық. Жолдауда айтылған басымдықтардың бірқайсысы ауыл шаруашылығына, болашаққа салынған инвестиция. Жасанды интеллект және цифрландыру бағыты тиімділікті арттырып қана қоймай, ол ресурстарды үнемдеп, өнім сапасын жақсартып, халықаралық нарықта бәсекеге қабілеттілікті күшейтуге жол ашатыны сөзсіз. Жолдауда айтылған жасанды интеллект, цифрландыру ауыл шаруашылығында еліміздің болашағы үшін үлкен мүмкіндіктер ашатынына сенімім мол. Бұл Жолдау мен үшін тек саяси құжат емес, қарқынды іс-қимылға шақыратын үндеу іспетті. Әрқайсымыз өз саламызда еңбек ете отырып, жолға қойылған бастамаларды жүзеге асыруға үлес қоса аламыз. Меніңше, еліміздің биіктен көрінуі – осындай игі істердің қосындысынан тұрады. Ал Жолдау болса, әрқайсымызды жаңа тың бастамаларға бастап, жігерлендіре түседі.

**К.Қошақбаев,**  
Егіндікөл аудандық мәслихатының депутаты

## НӘТИЖЕГЕ АРНАЛҒАН ЖҰМЫС: АУДАН БАСЫМДЫҚТАРЫ - НАЗАР АУДАРУ ОРТАЛЫҒЫНДА

2026 жылғы 31 наурызда сегізінші шақырылған Егіндікөл аудандық мәслихатының кезекті 38-ші сессиясы өтті. Отырыс барысында депутаттар аудан тұрғындарының өміріне тікелей әсер ететін бірқатар әлеуметтік маңызды және стратегиялық маңызды мәселелерді қарастырды. Негізгі мәселелердің бірі елді мекендерді үздіксіз электрмен жабдықтау мәселесі болды. Аталған бағыт бейінді қызметтердің тұрақты бақылауын және үйлестірілген жұмысын талап ететіні атап өтілді. Депутаттар төтенше жағдайлардың, соның ішінде су тасқынына байланысты жағдайлардың алдын алу мәселелеріне ерекше назар аударды. Бұрын қабылданған шешімдердің орындалуы және асқынуларға жол бермеу бойынша қабылданған шаралар туралы ақпарат тыңдалды. Маңызды тақырыптардың бірі - әлеуметтік көмек көрсету ережелеріне өзгерістер енгізу. Азаматтардың

жекелеген санаттарын қолдаудың атаулылығы мен тиімділігін арттыру мәселелері талқыланды. Сондай-ақ, 2025-2026 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды ұтымды пайдалану жөніндегі жоспарға өзгерістер мен толықтырулар қаралды, бұл ауданның аграрлық секторын дамыту үшін маңызды. Бұдан басқа, 2026 жылға шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері бекітілді, сондай-ақ төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссияның құрамына өзгерістер енгізілді. Сессия тіршілікті қамтамасыз ету мен қауіпсіздіктен бастап әлеуметтік қолдау мен экономикалық дамуға дейінгі кең ауқымды мәселелерді қамтыды. Қабылданған шешімдер халықтың өмір сүру сапасын арттыруға және Егіндікөл ауданының одан әрі тұрақты дамуына бағытталған.

## РАБОТА НА РЕЗУЛЬТАТ: ПРИОРИТЕТЫ РАЙОНА — В ЦЕНТРЕ ВНИМАНИЯ



31 марта 2026 года состоялась очередная, 38-я сессия Егіндікөл аудандық мәслихатының восьмого созыва. В ходе заседания депутаты рассмотрели ряд социально значимых и стратегически важных вопросов, напрямую влияющих на жизнь жителей района. Одним из ключевых стал вопрос обеспечения бесперебойного электроснабжения населённых пунктов. Было отмечено, что данное направление требует постоянного контроля и скоординированной работы профильных служб. Особое внимание депутаты уделили вопросам предупреждения чрезвычайных ситуаций, в том числе связанных с паводковой обстановкой. Заслушана информация о выполнении ранее принятых решений и предпринимаемых мерах по недопущению осложнений.

В числе важных тем — внесение изменений в правила оказания социальной помощи. Обсуждены вопросы повышения адресности и эффективности поддержки отдельных категорий граждан. Также рассмотрены изменения и дополнения в план по управлению пастбищами и их рациональному использованию на 2025–2026 годы, что имеет важное значение для развития аграрного сектора района. Кроме того, утверждены ставки туристского взноса для иностранцев на 2026 год, а также внесены изменения в состав комиссии по предупреждению и ликвидации чрезвычайных ситуаций.



Сессия охватила широкий круг вопросов — от жизнеобеспечения и безопасности до социальной поддержки и экономического развития. Принятые решения направлены на повышение качества жизни населения и дальнейшее устойчивое развитие Егіндікөлского района.

**Егіндікөл аудандық мәслихаттың  
2026 жылғы 31 наурыздағы № 8С38-6  
«Егіндікөл ауданында шетелдіктер  
үшін 2026 жылға арналған туристік жарнаның мөлшерлемелерін  
бекіту туралы»  
шешімі**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-10-тармағына, «Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33110 болып тіркелген) сәйкес, Егіндікөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Егіндікөл ауданында шетелдіктер үшін 2026 жылға арналған туристік жарнаның мөлшерлемелері хостелдерді, қонақжайларды, жалға берілетін тұрғын үйлерді қоспағанда, туристерді орналастыру орындарында болу құнынан 0 (нөл) пайыз мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Егіндікөл аудандық мәслихатының төрағасы**

**Қ. Шынтеміров**

**Егіндікөл аудандық мәслихатының 2026 жылғы 31 наурыздағы № 8С38-4  
«Егіндікөл ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» Егіндікөл аудандық мәслихатының  
2024 жылғы 31 қаңтардағы № 8С16-2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы»  
шешімі**

Егіндікөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. «Егіндікөл ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» Егіндікөл аудандық мәслихатының 2024 жылғы 31 қаңтардағы № 8С16-2 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8692-03 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімге 1-қосымшада:

2-тараудың 11-тармағы 1) тармақшасының бірінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын; «дүлей зілзала немесе өрт салдарынан зардап шеккен азаматтарға (отбасыларға) үш айдан кешіктірмей бір мезгілде 100 ( бір жүз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;»;

2-тараудың 11-тармағы 1) тармақшасының үшінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын: «әлеуметтік маңызы бар аурулары (қатерлі ісіктері, адамның иммун тапшылығы вирусынан (АИТВ) туындаған ауруы) бар адамдарға жылына 1 рет 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;».

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Егіндікөл аудандық мәслихатының төрағасы**

**Қ. Шынтеміров**

**Решение  
Егіндыкольского районного маслихата  
от 31 марта 2026 года №8С38-6  
«Об утверждении ставок туристского взноса  
для иностранцев на 2026 год  
в Егіндыкольском районе»**

В соответствии с пунктом 2-10 статьи 6 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», приказом Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 14 июля 2023 года № 181 «Об утверждении Правил уплаты туристского взноса для иностранцев» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 33110), Егіндыкольский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Утвердить ставки туристского взноса для иностранцев на 2026 год в Егіндыкольском районе в размере 0 (ноль) процентов от стоимости пребывания в местах размещения туристов, за исключением хостелов, гостевых домов, арендного жилья.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

**Председатель Егіндыкольского районного маслихата**

**К. Шинтемиров**

**Решение Егіндыкольского районного маслихата  
от 31 марта 2026 года № 8С38-4 «О внесении изменений в решение  
Егіндыкольского районного маслихата от 31 января 2024 года № 8С16-2 «Об утверждении  
Правил оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня  
отдельных категорий нуждающихся  
граждан Егіндыкольского района»**

Егіндыкольский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Внести в решение Егіндыкольского районного маслихата «Об утверждении Правил оказания социальной помощи, установления ее размеров и определения перечня отдельных категорий нуждающихся граждан Егіндыкольского района» от 31 января 2024 года № 8С16-2 (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 8692-03) следующие изменения:

в приложении 1 к указанному решению:

первый абзац подпункта 1) пункта 11 главы 2 изложить в новой редакции: «гражданам (семьям), пострадавшим вследствие стихийного бедствия или пожара не позднее трех месяцев одновременно в размере 100 (сто) месячных расчетных показателей;»;

третий абзац подпункта 1) пункта 11 главы 2 изложить в новой редакции: «лицам, имеющим социально значимые заболевания (злокачественные новообразования, болезнь, вызванная вирусом иммунодефицита человека (ВИЧ)), 1 раз в год в размере 15 (пятнадцать) месячных расчетных показателей;».

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

**Председатель Егіндыкольского районного маслихата**

**К. Шинтемиров**

Егіндікөл аудандық мәслихатының  
2025 жылғы 24 желтоқсандағы № 8С36-2  
шешіміне 24 қосымша  
Жалманқұлақ ауылдық округінің 2028 жылға арналған бюджеті

Санаты	Сыныбы		Атауы	мың теңге сома
	Кіші сыныбы			
1			Салықтық түсімдер	25 326,0
	01		Табыс салығы	9 882,0
		2	Жеке табыс салығы	419,0
		04	Меншікке салынатын салықтар	9 433,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	18,0
		3	Жер салығы	44,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1 800,0
		5	Бірыңғай жер салығы	7 571,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	30,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	30,0
4			Трансферттер түсімі	15 444,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	15 444,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	15 444,0

Функционалдық топ				мың теңге сома
Бюджеттік бағдарламалардың өкімшісі				
Бағдарлама				
Атауы				
II. Шығындар				
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	22 573,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің аппараты	22 573,0
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	22 573,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1 943,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің аппараты	1 943,0
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1 431,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	312,0
		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	200,0
12			Көлік және коммуникация	810,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің аппараты	810,0
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	810,0
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	0,0

Приложение 24  
к решению Егіндыкольского районного  
маслихата от 24 декабря 2025 года № 8С36-2  
Бюджет Жалманқулақского сельского округа на 2028 год

Категория	Класс		Наименование	тысяч тенге сумма
	Подкласс			
			I. Доходы	25 326,0
1			Налоговые поступления	9 882,0
	01		Подоходный налог	419,0
		2	Индивидуальный подоходный налог	419,0
		04	Налоги на собственность	9 433,0
		1	Налоги на имущество	18,0
		3	Земельный налог	44,0
		4	Налог на транспортные средства	1 800,0
		5	Единый земельный налог	7 571,0
	05		Внутренние налоги на товары, работы и услуги	30,0
		3	Поступления за использование природных и других ресурсов	30,0
4			Поступления трансфертов	15 444,0
	02		Трансферты из вышестоящих органов государственного управления	15 444,0
		3	Трансферты из районного (города областного значения) бюджета	15 444,0

Функциональная группа				тысяч тенге сумма
Администратор бюджетных программ				
Бюджетная программа				
Наименование				
II. Затраты				
01			Государственные услуги общего характера	22 573,0
	124		Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа	22 573,0
		001	Услуги по обеспечению деятельности акима города районного значения, села, поселка, сельского округа	22 573,0
07			Жилищно-коммунальное хозяйство	1 943,0
	124		Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа	1 943,0
		008	Освещение улиц населенных пунктов	1 431,0
		011	Благоустройство и озеленение населенных пунктов	312,0
		014	Организация водоснабжения населенных пунктов	200,0
12			Транспорт и коммуникации	810,0
	124		Аппарат акима города районного значения, села, поселка, сельского округа	810,0
		013	Обеспечение функционирования автомобильных дорог в городах районного значения, селах, поселках, сельских округах	810,0
			III. Чистое бюджетное кредитование	0,0
			Бюджетные кредиты	0,0

		Бюджеттік кредиттер	0,0			Погашение бюджетных кредитов	0,0
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0,0			IV. Сальдо по операциям с финансовыми активами	0,0
		IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0			Приобретение финансовых активов	0,0
		Қаржы активтерін сатып алу	0,0			Поступления от продажи финансовых активов государства	0,0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0			V. Дефицит (профицит) бюджета	0,0
		V. Бюджет тапшылығы (профициті)	0,0			VI. Финансирование дефицита (использование профицита) бюджета	0,0
		VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0,0			Поступления займов	0,0
		Қарыздар түсімі	0,0			Погашение займов	0,0
		Қарыздарды өтеу	0,0			Используемые остатки бюджетных средств	0,0
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0,0			Остатки бюджетных средств	0,0
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	0,0			Свободные остатки бюджетных средств	0,0
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0,0				

*жалғасы келесі санда*

### ХАБАРЛАМА

Ақмола облысы Егіндікөл ауданының әкімдігі шаруа қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін 10 жыл мерзімге уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығын беру бойынша конкурс өткізеді.  
Конкурсқа қатысуға өтінімдер: 2026 жылғы **06 мамырдан бастап 2026** жылғы 29 мамырын қоса алғанда Егіндікөл ауданы, Егіндікөл ауылы, Победа көшесі 6 мекенжайы бойынша қабылданады.  
Конкурс қортындысын шығару күні, уақыты және орны: **2026 жылғы 01 маусымда** сағат 10:00 мына мекенжай бойынша: Егіндікөл ауданы, Победа көшесі 6, 2 қабат, мәжіліс залы.

№ лот	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің берілу мақсаты	Жер учаскесінің қысқаша сипаттамасы (алқаптардың құрамы мен түрлері)	Алаңы (га)	Бонитет балы	Топырақ сипаттамасының сапасы	Сумен қамтамасыз етілуі	Өңірдің ауыл шаруашылық мамандануы
1	Бауманское ауылы	ауыл шаруашылығы өндірісін, шаруа қожалығын жүргізу	табиғи жайылым	1320	24	күңгірт-күрең топырақ	Суландырылмаған	Мал шаруашылығы
2	Жалманқулақ ауылдық округі (Жұлдыз а.)	ауыл шаруашылығы өндірісін, шаруа қожалығын жүргізу	Егістік	130	27	күңгірт-күрең топырақ	Суландырылмаған	Өсімдік шаруашылығы
3	Жалманқулақ ауылдық округі (Жұлдыз а.)	ауыл шаруашылығы өндірісін, шаруа қожалығын жүргізу	табиғи жайылым	150	18	күңгірт-күрең топырақ	Жартылай суарылған	Мал шаруашылығы
Жалпы аумағы <b>1600</b> гектар, оның ішінде <b>130</b> гектар егістік								

#### Жалпы аумағы 1600 гектар, оның ішінде 130 гектар егістік

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар беріледі:

- 1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;
- 2) конкурстық ұсыныс;

Конкурстық ұсыныста:

- 1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеп-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);
- 2) шаруашылық ілілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды

орындау;

3) Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуы тиіс.  
Инвестиция сомасында өнімдерді сақтау және өңдеу объектісін салуға, ауыл шаруашылығы жануарларын ұстауға арналған үй-жайлар салуға, технологиялық жабдықтарды сатып алуға бағытталған қаражат есепке алынбайды. Ең жоғары балл алған қатысушы жеңімпаз болып танылады.

Конкурстық ұсынысты конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады. Конкурс өткізу тәртібі туралы мәліметті және қосымша ақпаратты Ақмола облысы, Егіндікөл ауданы әкімдігінің <http://egin.akmo.gov.kz/> интернет-ресурстарында немесе «Егіндікөл ауданының жер қатынастары бөлімі» ММ-нің 87164221510 телефон нөмірі бойынша алуға болады.

### ИЗВЕЩЕНИЕ

Акимат Егіндыкольского района Ақмолинской области проводит конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского хозяйства, сельскохозяйственного производства сроком на 10 лет.

Заявки на участие в конкурсе принимаются с **06 мая 2026** года по 29 мая 2026 года включительно по адресу: Егіндыкольский район, село Егіндыколь, улица Победы, 6.

Дата, время и место подведения итогов конкурса: **01 июня 2026** года, 10-00 часов, по адресу: Егіндыкольский район, ул. Победы, 6, 2 этаж, зал заседаний.

№ лота	Месторасположение земельного участка	Земельный участок предоставляется для:	Краткая характеристика зем. участка (состав и виды угодий)	Общая площадь (га)	Балл бонитета	Качества характеристик почв	Водообеспеченность	Сельскохозяйственная специализация региона
1	село Бауманское	Ведение сельскохозяйственного производства, крестьянского хозяйства	пастбища естественные	1320	24	Темно-каштановые почвы	Не обводненные	животноводство
2	Жалманкулацкий сельский округ (с.Жулдыз)	Ведение сельскохозяйственного производства, крестьянского хозяйства	пашня	130	27	Темно-каштановые почвы	Не обводненные	растениеводство
3	Жалманкулацкий сельский округ (с.Жулдыз)	Ведение сельскохозяйственного производства, крестьянского хозяйства	пастбища естественные	150	18	Темно-каштановые почвы	Частично обводненные	животноводство
Общая площадь <b>1600</b> га, в том числе, <b>130</b> га пашни								

#### Общая площадь 1600 га, в том числе, 130 га пашни

Для участия в конкурсе подаются следующие документы:

- 1) заявка на участие в конкурсе;
- 2) конкурсное предложение;

Конкурсное предложение должно содержать:

- 1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);
- 2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по

развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая Правил рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

В сумме инвестиций не учитываются средства, направленные на строительство объекта хранения и переработки продукции, строительство помещения для содержания сельскохозяйственных

животных, приобретение технологического оборудования. Участник, набравший наиболее высокий балл, признается победителем.

Конкурсное предложение представляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц.

Сведения и дополнительную информацию по порядку проведения конкурса можно получить на интернет-ресурсах акимата Егіндыкольского района, Ақмолинской области, <http://egin.akmo.gov.kz/> или по тел.: 87164221510.

Жемқорлыққа  
ЖОЛ ЖОҚ!



Термин Коррупция происходит от латинского слова «согитреге» по смыслу означает «разрушение организма государства, о б щ е с т в е н н ы х о т н о ш е н и й», как значение термина «подкуп»

- термин, обозначающий обычно использование должностным лицом своих властных полномочий и доверенных ему прав в целях личной выгоды, путём обмана, вымогательства, волокиты, противоречащие законодательству и моральным нормам. Наиболее часто термин применяется по отношению к бюрократическому аппарату и политической элите. Соответствующий термин обычно имеет более широкую семантику, вытекающую из первичного значения исходного латинского слова, а также неэтическое поведение.

В современном мире работа по усилению борьбы с коррупцией ведется непрерывно и постоянно совершенствуется. В мире нет уникального набора механизмов борьбы с коррупцией, который оптимален для всех стран. Специфика наборов методов по борьбе с коррупцией, принимаемых каждой страной, уникальна и зависит не только от политической и экономической стабильности, но и от обычаев и традиций, религиозных особенностей и уровня правовой культуры, а также от площади занимаемой территории, плотности, численности населения.

На сегодняшний день, в Казахстане борьбе с коррупцией придан общегосударственный статус, ведется широкомасштабная антикоррупционная компания совместно с общественными и политическими силами по пресечению и ограничению проявлений коррупции. Борьба с коррупцией в Казахстане определена в качестве одного из основных приоритетов государственной политики. Какие бы аспекты борьбы с правонарушениями не

обсуждались на самых разных уровнях, обязательно одним из характерных признаков ее размаха является коррупция. Коррупция может быть подвержено любое должностное лицо, обладающее дискреционной властью в сфере распределения каких-либо не принадлежащих ему ресурсов по своему усмотрению (чиновник, депутат, судья, сотрудник правоохранительных органов, администратор и т.д.). Главным стимулом в коррупции является возможность получения экономической прибыли (ренты), связанной с использованием властных полномочий, а главным сдерживающим фактором – риск разоблачения и наказания.

Формирование уровня антикоррупционной культуры, антикоррупционного просвещения населения осуществляется посредством проведения масштабных обучающих антикоррупционных курсов в учебных заведениях, государственных органах, среди населения, путем привлечения средств массовой информации, неправительственных организаций, современных интерактивных средств.

Реализация мероприятий, предусмотренных Стратегией, подлежит обязательному мониторингу и отчёты о ходе исполнения мероприятий, доводятся до сведения общественности.

При этом приоритеты в работе указанных органов, в том числе в сфере противодействия коррупции, смещены на профилактику и предупреждение преступлений и правонарушений.

Полная информация по деятельности Агентства РК по делам государственной службы и противодействию коррупции и ее территориальных подразделений размещена на официальном сайте Агентства по адресу [www.anticorruption.gov.kz](http://www.anticorruption.gov.kz).

Действует единый бесплатный call-центр, позвонив на короткий номер которого - 1494, любой казахстанец может проконсультироваться по вопросам противодействия коррупции или сообщить о фактах коррупционных правонарушений.

Егиндыкольская РТИ в АПК МСХ РК

## Перечень основных требований к оказанию государственной услуги «Оформление документов на обеспечение лиц с инвалидностью услугами специалиста жестового языка для лиц с инвалидностью по слуху»

- 1 Наименование услугодателя Местные исполнительные органы городов Астаны, Алматы и Шымкент, районов и городов областного значения
- 2 Способы предоставления государственной услуги
  - 1) Некоммерческое акционерное общество «Государственная корпорация «Правительство для граждан» (далее – Госкорпорация);
  - 2) МИО городов Астаны, Алматы и Шымкент (далее – горуправления), районов и городов областного значения (далее – отделы занятости);
  - 3) абонентское устройство сотовой связи (далее – абонентское устройство) - проактивная услуга;
  - 4) веб-портал «электронного правительства» [www.egov.kz](http://www.egov.kz) (далее – веб-портал).
- 3 Срок оказания государственной услуги 1) при обращении в Госкорпорацию, горуправления, отделы занятости – со дня регистрации пакета документов – пять рабочих дней; при оказании проактивной услуги – с даты поступления согласия – пять рабочих дней; при обращении через веб-портал – пять рабочих дней. При обращении в Госкорпорацию, день приема документов не входит в срок оказания государственной услуги.
- 4 Форма оказания государственной услуги Бумажная/ проактивная/ электронная (частично автоматизированная)
- 5 Перечень документов и сведений, истребуемых у услугополучателя для оказания государственной услуги
  - В Госкорпорации, горуправлениях и отделах занятости:
    - 1) заявление на предоставление услуг специалиста жестового языка по форме согласно приложению 2 к Правилам предоставления услуг специалиста жестового языка для лиц с инвалидностью по слуху в соответствии с индивидуальной программой абилитации и реабилитации лица с инвалидностью (далее – Правила);
    - 2) документ, удостоверяющий его личность, либо электронный документ из сервиса цифровых документов (для идентификации);
    - 3) доверенность от лица с инвалидностью, не требующая нотариального удостоверения, в случае обращения лица, получившего от лица с инвалидностью доверенность. Сведения о документах, удостоверяющих личность, подтверждающих регистрацию по постоянному месту жительства, об инвалидности, о разрабатываемых мероприятиях ИПАР, содержащиеся в соответствующих государственных информационных системах, горуправления, отделы занятости, Госкорпорация получают в форме электронных документов, удостоверяющих ЭЦП уполномоченных должностных лиц.
  - На веб-портал: электронный запрос, удостоверяющий ЭЦП заявителя.
- 6 Иные требования с учетом особенностей оказания государственной услуги, в том числе оказываемой в электронной форме и через Госкорпорацию Адреса мест оказания государственной услуги размещены на интернет-ресурсах:
  1. Уполномоченного органа в области социальной защиты населения – [www.enbek.gov.kz](http://www.enbek.gov.kz), раздел «Государственные услуги»;
  2. Госкорпорации – [www.gov.kz](http://www.gov.kz). Заявитель имеет возможность получения информации о порядке и статусе оказания государственной услуги в режиме удаленного доступа посредством справочных служб отделов занятости, Единого контакт-центра «1414», 8 800 080 7777. Сервис цифровых документов доступен для пользователей, авторизованных в мобильном приложении и информационных системах пользователей.

## Перечень основных требований к оказанию государственной услуги «Оформление документов на оказание специальных социальных услуг в медико-социальных учреждениях (организациях)»

- 1 Наименование услугодателя Местные исполнительные органы городов Нур-Султан, Алматы и Шымкент, районов и городов областного значения (далее – услугодатель)
- 2 Способы предоставления государственной услуги Прием заявления и выдача результата оказания государственной услуги осуществляются через:
  - 1) некоммерческое акционерное общество «Государственная корпорация «Правительство для граждан» (далее – Государственная корпорация);
  - 2) услугодатель;
  - 3) веб-портал «электронного правительства» [www.egov.kz](http://www.egov.kz) (далее – портал).
- 3 Форма оказания и предоставления результата оказания государственной услуги Электронная (частично автоматизированная)/ бумажная.
- 4 Перечень документов и сведений, истребуемых у услугополучателя для оказания государственной услуги
  - Услугополучатель (или его законный представитель) при обращении для оказания государственной услуги предоставляет к услугодателю, в Государственную корпорацию или через портал следующие документы:
    - 1) заявление по форме, согласно приложениям 1 и 2 к Правилам оказания государственной услуги «Оформление документов на оказание специальных социальных услуг в медико-социальных учреждениях (организациях)» (далее – Правила);
    - 2) документ, удостоверяющий личность либо электронный документ из сервиса цифровых документов услугополучателя с наличием индивидуального идентификационного номера (далее – ИИН) (для идентификации);
    - 3) медицинская карта по формам согласно приложениям 5 и 6 к Правилам с выпиской из амбулаторной карты или истории болезни.

Услугополучатели получают цифровые документы из сервиса цифровых документов через реализованную интеграцию при условии согласия владельца документа, предоставленного посредством зарегистрированного на веб-портале «электронного правительства» абонентского номера сотовой связи пользователя путем передачи одноразового пароля или путем отправления короткого текстового сообщения в качестве ответа на уведомление веб-портала «электронного правительства».

Услугополучатель имеет возможность получения информации о порядке и статусе оказания государственной услуги посредством справочных служб услугодателя, Единого контакт-центра «1414», 8 800 080 7777. Сервис цифровых документов доступен для пользователей, авторизованных в мобильном приложении.

Для использования цифрового документа необходимо пройти авторизацию в мобильном приложении с использованием электронно-цифровой подписи или одноразового пароля, далее перейти в раздел «Цифровые документы» и выбрать необходимый документ.

## Перечень основных требований к оказанию государственной услуги «Оформление документов на оказание специальных социальных услуг в условиях ухода на дому»

- 1 Наименование услугодателя Местные исполнительные органы городов Нур-Султан, Алматы и Шымкент, районов и городов областного значения (далее – услугодатель)
- 2 Способы предоставления государственной услуги Прием заявления и выдача результата оказания государственной услуги осуществляются через:
  - 1) некоммерческое акционерное общество «Государственная корпорация «Правительство для граждан» (далее – Государственная корпорация);
  - 2) услугодатель;
  - 3) веб-портал «электронного правительства» [www.egov.kz](http://www.egov.kz) (далее – портал).
- 3 Форма оказания и предоставления результата оказания государственной услуги Электронная (частично автоматизированная)/ бумажная
- 5 Результат оказания государственной услуги Уведомление об оформлении документов в произвольной форме с указанием срока оказания государственной услуги, или мотивированный ответ об отказе в оказании государственной услуги в случаях и по основаниям, предусмотренным пунктом 9 настоящего перечня основных требований к оказанию государственной услуги. При обращении на портал результат оказания государственной услуги направляется услугополучателю в «личный кабинет» в

форме электронной подписью должностного лица услугодателя.

- 6 Перечень документов и сведений, истребуемых у услугополучателя для оказания государственной услуги
  - Услугополучатель (или его законный представитель) при обращении для оказания государственной услуги предоставляет к услугодателю, в Государственную корпорацию или через портал следующие документы:
    - 1) заявление по форме согласно приложению 1 к Правилам оказания государственной услуги «Оформление документов на оказание специальных социальных услуг в условиях ухода на дому» (далее – Правила);
    - 2) документ, удостоверяющий личность либо электронный документ из сервиса цифровых документов услугополучателя с наличием индивидуального идентификационного номера (далее – ИИН) (для идентификации личности);
    - 3) медицинская карта по форме согласно приложению 5 к Правилам;
    - 4) для детей – копия заключения психолого-медико-педагогической консультации.
7. Иные требования с учетом особенностей оказания государственной услуги, в том числе оказываемой в электронной форме Лица с инвалидностью

оформление документов на оказание специальных социальных услуг в условиях ухода на дому осуществляется при содействии социального работника. Адреса мест оказания государственной услуги размещены на интернет-ресурсах:
 

- 1) Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан – [www.enbek.gov.kz](http://www.enbek.gov.kz), раздел «Государственные услуги»;
- 2) Государственной корпорации – [www.gov4c.kz](http://www.gov4c.kz);
- 3) портала [www.egov.kz](http://www.egov.kz). Услугополучатель имеет возможность получения информации о порядке и статусе оказания государственной услуги посредством справочных служб услугодателя, Единого контакт-центра «1414», 8 800 080 7777. Сервис цифровых документов доступен для пользователей, авторизованных в мобильном приложении. Для использования цифрового документа необходимо пройти авторизацию в мобильном приложении с использованием электронно-цифровой подписи или одноразового пароля, далее перейти в раздел «Цифровые документы» и выбрать необходимый документ.

Редакцияның мекен-жайы: 020600 Ақмола облысы, Егіндікөл ауылы, Победа көшесі, 7. Тел/факс:2-1369, Электронды пошта: <a href="mailto:egindikolinfo@mail.ru">egindikolinfo@mail.ru</a>					
Меншік иесі: «Егіндікөл info» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Директор-редактор Гурбанова Светлана Михайловна	Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны үшін жауапкершілік жарнама берушіге жүктеледі Жарнама берушілер жіберген қателіктер бойынша шағымдар жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасына сәйкес болмауы мүмкін	Газет «Алтын астық» газетінің редакциясында дайындалды, терілді, жинақталды. Астана қаласы, Жұбанов көшесі 24/1 «Дунасарова А. Д.» ЖК басылып шықты	Мемлекеттік тілдегі материалдарға жауапты Балшық Ахмарал Жинақтаушы оператор Алиева Анастасия	Тіркеу күелірі №15838-Г 17.02.2016 ж. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі берген Таралымы 505 дана аптасына 1 рет дүйсенбі күндері шығарылады.